



### ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАРЫЛҚАЙ МА?

5-БЕТ | САРАПТАМА



### ПАССИОНАРЛЫҚ ЖОЛДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

6-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ ЗАҢСЫЗДЫҚ ПЕН ҚАТЫГЕЗДІККЕ БІР КІСІДЕЙ, БАТЫЛ ҚАРСЫ ТҰРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. СОНДАЙ-АҚ ҚОҒАМ НОРМАЛАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЯҚАСТЫ БОЛУЫН ҚАТАҢ АЙЫПТАП, ОНЫМЕН БІРЛЕСЕ КҮРЕСУІ КЕРЕК.

№15  
(4603)

Сейсенбі  
6 ақпан  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Жарлыққа қол қойды деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 70-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнынан түсуі қабылданып.
2. Қазақстан Республикасы Премьер-министрі міндеттерін уақытша атқару Роман Васильевич Склярға жүктелсін.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері Үкіметтің жаңа құрамы бекітілгенге дейін өз міндеттерін атқаруды жалғастыра берсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі» делінген құжатта.



7 ақпан күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді.

Жиында еліміздің 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер айқындалады деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

#### САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДАДА БІР ТҮНДЕ

# 55 000

ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСА ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

## АВТОБУС КАРТАСЫ ОНЛАЙН ТОЛТЫРЫЛАДЫ

Елордада қоғамдық көлік картасының теңгерімін бұдан былай онлайн түрде бірден толтыруға болады.



Сұлтан СЕЙІТ

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕЙ

Биыл Астанада өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұлттық мерейімізді ұлықтайтын, сонымен қатар мемлекеттік мәртебемізге үлкен сын да болғалы тұр. Ауқымды іс-шараға Үкімет те, Астана қаласының әкімдігі де дайындық жұмысын бастады. Елорда төріндегі барлық спорт және мәдениет кешендері байрақты бәсекеге сақадай сай болуы үшін қандай жұмыстар атқарылады?

Бұған дейін қоғамдық көлік картасының теңгерімін қашықтан толтырғанда, төлем 24 сағат аралығында өңделетін еді. Бұл қала тұрғындары мен қонақтары үшін ыңғайсыздық тудыратын. Avtobus.kz жаңа төлем жүйесіне көшу аясында төлем бірден түсетін болды.

Теңгерімді толтырғаннан кейін немесе таңдалған тарифті сатып алған соң, төлемді белсендіру

қажет. Төлемді кез келген қоғамдық көлік бағдарында белсендіруге болады. Ол үшін көлік картасын автобустағы планшетке 2-3 секунд тигізіп, ұстап тұру керек.

«City Transportation Systems» ЖШС мамандарының мәлімдеуінше, төлемді белсендіру кезінде жол ақысын төлеу қатар жүргізіледі. Төлемдерді белсендіру кезінде осы ақпаратты ескерген жөн.

«Қазгидромет» алдағы үш күнде еліміздің басым бөлігінде қарлы жаңбыр жауатынын болжайды.

Синоптиктердің мәліметінше, еліміздің басым бөлігінде тұрақсыз ауа райы сақталып, Қазақстанның басым бөлігі жауын-шашынның көп түсуіне ықпал ететін күшті солтүстік-батыс циклонының ықпалында болады. Сондай-ақ жел күшейіп, қар, көктайғақ және тұман күтіледі.

Ауа райының қолайсыз жағдайына байланысты Астана қаласының төтенше жағдай және полиция қызметі қала тұрғындарын көктайғақ және тұман кезінде мұқият болуға шақырып, сақтық шараларын ұстануды ескертеді.







## ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповты қабылдады. Мемлекет басшысына «Қазатомөнеркәсіптің» былтырғы атқарған жұмыстарының нәтижесі туралы есеп беріліп, компанияның қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективаға арналған мақсаттары мен жоспарлары таныстырылды.

Президентке өткен жылдың қорытындысы бойынша уран өнімдерін өндіру көлемі 21 мың тоннадан, ал сату көрсеткіші 18 мың тоннадан асқаны жөнінде баяндалды. Мейіржан Юсуповтың айтуынша, 2023 жылы Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалданған уран өнімдерінің үлесі айтарлықтай артқан.

Қазақстаннан батыс елдеріне жөнелтілген уранның 64 пайызы осы транзит дәлізі арқылы тасымалданған.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына «Қазатомөнеркәсіп» компаниялар тобы жүзеге асырып жатқан инвестициялық жобалар, сондай-ақ өндіріс орындары орналасқан өңірлерді дамытуға және қолдауға бағыт-

талған әлеуметтік маңызы бар жобалар туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар Президентке минералдық-шикізаттық базаны кеңейту және толықтыру жұмыстары жайында айтылды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазатомөнеркәсіп» жұмысының тиімділігін арттыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

## ЖОЛ КАРТАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қалалық мәслихаттағы Аманат партиясы фракциясының отырысында сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасының басым бағыттарының орындалуы талқыланды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Фракция отырысында мектептер, ауруханалар, әлеуметтік тұрғын үйлер, жолдар, сондай-ақ энергетика саласының нысандары құрылысының барысы туралы ақпарат тыңдалды. Жалпы, 2024 жылға арналған бағдарламалық құжаттың көп-

теген тармағын орындау кесте бойынша жүреді. Өткен жылы Жол картасының 126 тармағының 117-сі орындалды. Жобаның қымбаттауына байланысты кейбір бағытты орындамаудың, бірқатар сараптамадан ұзақ өтудің және басқа да себептердің

тәуекелдерін атап өттім. Жол картасын орындау бойынша барлық мәселе мәслихат депутаттарының бақылауында болады. Олар Жол картасын іске асыру тармақтарының әрқайсысына бекітілген» деп түсіндірді Е.Каналимов.

## МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Астана мемлекеттік қызмет хабы мен Жоғарғы сот кеңесі арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитет төрағасы Алихан Байменов пен Жоғарғы сот кеңесі төрағасы Денис Шипптің кездесуі аясында тараптар келісімге келді. Екі жақ судья кадрларын іріктеу процесін жетілдіру, олардың әлеуетін арттыру және осы саладағы үздік халықаралық тәжірибемен танысу мәселелерінде ынтымақтасуға уағдаласты.

Денис Шипп өз сөзінде мемлекеттік қызмет саласында кеңінен қолданылатын әдістер мен құралдар судьяларды іріктеу кезінде де пайдаланылатынын атап өтті. Сондай-ақ ол кеңестің функциялары мен міндеттеріне тоқтала отырып, судьяларды конкурстар арқылы іріктеу, олардың тәуелсіздігі мен дербес құқығын күшейтумен бірге тәртіптік жауапкершілік тетіктерін де жетілдіру мәселелеріне назар аударды.

Алихан Байменов өз кезегінде хаб пен Жоғарғы сот кеңесі арасындағы әріптестіктің маңызына ерекше тоқталды. Айтуынша, сот жүйесі мен әділ сот төрелігіне іске асыруға деген сенім судьялар корпусын іріктеу сапасына тікелей байланысты. Сондықтан хаб судья кадрларын іріктеу мәселелерінде сараптама-талдау жағынан қолдау көрсетуін одан әрі жалғастырмақ.

2021 жылдың қыркүйегінен хаб пен Жоғарғы сот кеңесі

әріптестігі ауқымында судьяларды іріктеу құралдарын жетілдіру, цифрландыруды енгізу, судьяларды іріктеу жүйесіне қоғамдық сенімді анықтау бойынша жобалар жүзеге асты. Әлемнің 43 елінен тұратын Астана мемлекеттік қызмет хабы дүние жүзіндегі мемлекеттік қызметті реформалау бойынша білімі мен сараптау қауқары зор 90-нан астам институционалдық серіктеспен әріптестік орнатқан.

## СПОРТ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Жұмыс сапары барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек және қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов елордада құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан бірқатар спорт нысандарын аралады.

Олар ең алдымен Ұлттық спорт университетіне ат басын бұрды. Бұл нысанды 2025 жылы аяқтау жоспарланған. Жоғары оқу орны пайдалануға берілген соң кадрларды даярлаудан бастап, спорттағы үлкен жетістіктерге де ықпал етеді. Сонымен қатар жоғары лауазымды тұлғалар 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық жүргізіліп жатқан спорт нысандарына

барды. Премьер-министрдің бірінші орынбасарына спорт нысандарының инфрақұрылымын дайындау, кірме жолдарды қамтамасыз ететін негізгі магистралдарды жөндеу және іс-шаралар өткізілетін аумақтарды абаттандыру жұмыстары туралы ақпарат берілді. Бұған «Қазанат» ипподромын, оған кіреберіс жолдарды кеңейту, трибуналарды күрделі жөнделу, ат қоралар салу, көкпар

аумақтары және т. б. кіреді. Сондай-ақ «Астана Арена», «Алау» және «Барыс Арена» мұз сарайларының іргелес аумақтарын кешенді абаттандыру жұмысы тексерілді. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ҚР Ұлттық мұражайы, Ж.Үшкөпиров атындағы жекпе-жек сарайы, «Думан» қонақ үйі және «Қазақстан» жеңіл атлетика спорт кешені аумағында өтеді.




## ҮЙ ОРНЫНА ГҮЛ БАҚТАРЫ САЛЫНАДЫ

Биыл елордада осыған дейін көпқабатты тұрғын үй кешендерін тұрғызу жоспарланған 9 жерде гүл бақтары мен қоғамдық кеңістіктер салынады. Бұл туралы Астана әкімі Жеңіс Қасымбек ақпарат таратты.

«Елордада көгалдандыру және абаттандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. 2023 жылы 165 қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылды. Орталық жағалауға іргелес жатқан тарихи көшелер реконструкцияланды. Қ.Сәтбаев көшесінің бойында жаяу жүргіншілерге арналған променада абаттандырылды. Көгалдандыруға ерекше назар аударудың нәтижесінде бұл жер елорданың ең жасыл көшелерінің біріне айналды. Ұзындығы 3 шақырымнан асатын Ақбұлақ өзені жағалауының Амман көшесінен Шәкәрім Құдайбердіұлына дейінгі бөлігі абаттандырылды. «Амман» және «Абылай хан» көпірлерінің астында жаяу жүргіншілер жолы жасалды. Салтанат қақпасы жанындағы саябақ абаттандырылды, Бөгенбай батыр даңғылының бойында стихиялық сауда ретке келтіріліп, реновация жүргізілді және тағы басқа жұмыстар атқарылды» деп жазды Ж.Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қала басшысы бұған дейін



көпқабатты тұрғын үй кешендерін салу жоспарланған 9 орында гүл бақтары мен қоғамдық кеңістіктер салынатынын жеткізді.

«Мәселен, Ш.Айтматов-Сығанақ көшелерінің қиылысындағы учаскеде 12 қабатты көпфункционалды кешеннің орнына гүл бағы ашылды, сол сияқты Тұран даңғылында тұрғын үй кешенінің орнына гүл бағы салынды. Мұндай мысалдар көп» деді әкім.

Оның айтуынша, елорданы көгалдандыру бойынша ай-

тарлықтай жұмыс атқарылды. Жасыл желектер саны 2,5 есе артты, оның ішінде құрылыс салушылардың да үлесі бар.

«Елордада 24 қоғамдық қысқы кеңістік ашылды. 60-тан астам мұз айдыны мен сырғанақ орнатылды. Бекітілген дизайн-код бойынша сыртқы жарнаманы ретке келтіру жұмысы жүргізіліп жатыр. Биыл да елорданың сырт келбетін жақсарту, жасыл желектер мен жайлы қоғамдық кеңістіктер ашу жұмысы жалғасады» деп сөзін түйіндеді Ж.Қасымбек.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


**Франция астанасында көлік құралдарына қатысты қалалық референдум өтті.**

Джип типтес көліктердің тариф құнын арттыру мәселесі шаһар халқының талқысына шығарылды. Өйткені мұндай автокөліктер – Париж ауасын ластаушы құралдың бірі. Дауыс беруге келгендер бұл темір тұлпарларға тұрақ ақысын 3 есе көбейтуді ұсынды. Нәтижесінде көлемді көлікке қарсылық танытқандар ең көп дауыспен жеңіске жетті. Енді қыркүйек айынан бастап жаңа тұрақ тарифі қолданысқа енеді.



**Түркияның Кахраманмараш аймағында жер сілкінуінен зардап шеккен ауылдарда құрастырылмалы алғашқы үйлер пайдалануға беріледі.**

Бұл туралы Түркияның Қоршаған орта, қала дамуы және климаттың өзгеруі министрлігі хабарлады. Естеріңізде болса, 2023 жылы 6 ақпанда Газиянтеп провинциясында 6,4-6,6 магнитудалы, кейін 7,4 магнитудалы қуатты жер сілкінісі болып, 2000-ға жуық ғимарат қирап, 10 мыңнан астам адам қайтыс болған еді.



**Ұлыбритания бір рет пайдаланатын электронды темекілерге тыйым салмақшы.**

Соңғы 3 жылда осындай темекіге құмар балалардың саны 3 есеге артқан. Дәрігерлер вейпинг тәуелділік туғызып қана қоймай, болашақта ескең ұрпақтың өкпесіне, жүрегіне және миына қауіп төндіруі мүмкін екенін айтады. Үкімет тыйым салу шараларын жүзеге асыру үшін құқық қорғау органдары мен шекара қызметіне жылына қосымша 30 миллион фунт бөледі ұйғарып отыр.



## ИГІ ІСТЕР МАРАФОНЫ

Астанада «Игі істер марафоны» жобасы жүргізілуде. Іс-шара аясында 40 мыңнан астам адамға түрлі көмек көрсетілді. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев мәлімдеді.

Басқарма басшысының айтуынша, Астана қаласында 14-35 жас аралығындағы жастар саны – 440 мың. Бұл жалпы қала тұрғындары санының 32 пайызын құрайды. 14 жоғары оқу орнында 79 мың, 35 колледжде 36 мыңнан астам студент білім алып жүр.

– 2020 жылдан бері «Астана жастары» базасында қалалық волонтерлер штабы жұмыс істейді. Штапта 6 мыңнан астам белсенді волонтер бар. Тұрақты негізде 30 волонтерлік ұйыммен, 20 бастамашыл топпен, мемлекеттік жастар саясаты саласында жұмыс істейтін 4 үкіметтік емес ұйыммен, сол сияқты кәсіпорындармен, меценаттармен серіктестік орнаған, – деді Самат Ибраев.

Оның сөзінше, волонтерлер 40 мыңнан астам адамға киім-кешек, азық-түлік, ақшалай көмек жеткізген. Сондай-ақ 3 мың панасыз жануар қайырымдылық қаражаты арқасында күтім алды.



«Астана жастары» орталығы волонтерлік бағытын кеңейтіп жатыр. Мысалы, 2023 жылы «Қауіпсіз қала» жобасы аясында тұрақты негізде волонтерлер газдандыру туралы; жылу беру және көктемдегі су тасқыны уақытындағы қауіпсіздік шаралары туралы; суға түсу маусымындағы ережелер туралы ақпараттандыру жұмысына, сонымен бірге тыйым салынған заттарды сату туралы жарнамаларды бояу; қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау бойынша «StopVandal»

акцияларына; жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар туралы түсіндіру бойынша «Үздік» жобасына тартылады. Осылайша, қалалық волонтерлер штабымен тек волонтерлік ұйымдар ғана емес, тіршілікті қамтамасыз ету мекемелері де серіктестікке жұмылдырылады.

«Taza Alem» жобасы аясында волонтерлердің қатысуымен 45 эко-сенбілік өткізілді, оның ішінде 10 шарада су қоймалары мен Есіл өзенінің аумағы тазаланды.

## ИППОТЕРАПИЯМЕН ЕМДЕЛЕДІ

Астана қаласында «Арғымақ» ат спортымен сауықтыру кешені мен «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының мәлімдеуінше, алдағы уақытта «Нұрлы

жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының тәрбиеленушілері енді иппотерапия қызметіне жүгіне алады.

Айта кетейік, өткен жылдың 1 қазанынан бастап Астанада иппотерапиямен оңалту әдісі қолға алынған болатын. Қанатқақты жобаның үш айында 72 бала емделді. Қазір мұнда 100-ден аса бала тұрақты келіп жүр.

«Арғымақ» ат спортымен сауықтыру кешенінде 20 жылқы болса, оның 10-ы сауықтыру шараларына тартылған.

– Орталыққа талапқа сай, мінезі жуас 20 жылқы арнайы таңдалып алынған. Күніне әр жылқы 2 сағаттан сауықтыру шараларына тартылады, – дейді аталмыш басқарманың баспасөз хатшысы Мәдина Айтқалиева.

Кешенде сейсенбі және бейсенбі күндері, иппотерапияны пайдалана отырып, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту бойынша сабақтарды аккредиттелген ұйымдарда оқудан өткен реабилитолог-дәрігерлер, сондай-ақ иппотерапия саласындағы білікті мамандар өткізеді.

Торғын АМАН

## ОҚУШЫЛАРДЫ ҰРҒАН ҰРДА-ЖЫҚ ҰСТАЛДЫ

Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті елорданың тұрғын үй кешенінде қала тұрғынының оқушы балаларды ұрғаны туралы оқиғаға қатысты түсініктеме берді.

Астана қаласының Полиция департаменті «Эдем-Палас-2» тұрғын үй кешенінің кіреберісінде балаларға күш көрсетіп, қол жұмсаған ер адамды анықтады. Оқиға 4 ақпан күні болған. Белгісіз ер адам тұрғын үй кешенінің кіреберісінде тұрған

3 балаға күш көрсеткен. Бейнебақылау камерасындағы жазбаға қарағанда, күдікті балалардың бірін жұдырықтап, екіншісін аяғымен теуіп, енді бірін тамағынан қылқындырған.

«Байқоңыр ауданы Полиция басқар-

масы аталған тұрғын үйде тұратын 30 жастағы ер адамды ұстады. Бұзақылық бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қазір тергеу жүріп жатыр» деп хабардар етті Полиция басқармасының баспасөз қызметі.

**Палеонтологтар Қытайда жаңа түрге жатуы мүмкін жасы 90 миллион жылға жететін динозавр қалдықтарын тапты.**

Қаңқа 2021 жылы Шығыс Цзянси провинциясының Ханчжоу қаласындағы құрылыс алаңдарының бірінде табылған. Ғалымдар қалдықтардың титанозаврлардың жаңа түріне жататынын анықтады және оны *gandititan savocaudatus* деп атады. Табылған сүйектердің ішінде ең жақсы сақталғаны – омыртқа сүйек. Ол арқылы динозаврдың жалпы ұзындығы шамамен 14 метр екенін болжауға болады.



**Колумбияда қуаңшылық салдарынан ауыл шаруашылығы тығырыққа тірелді.**

Қолайсыз күн райына байланысты Испанияның солтүстік-шығысында төтенше жағдай жариялануы мүмкін. Шаруалар егістіктің құрап, өзен-көлдердің тартылып қалғанын, малдың жұтқа ұшырағанын айтады. Егер аталған елдерде төтенше жағдай жарияланса, егістік үшін судың 80 пайызын, мал шаруашылығы үшін 50 пайызын, ал өндіріс мақсатында 25 пайызын пайдалануға рұқсат етіледі.

Астананың Сарыарқа ауданындағы ойын-сауық орындарына жергілікті рейдтік шара өткізілді.

## ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫН ТЕКСЕРДІ

Мекемелерде алдын алу жұмысы жүргізіліп, ҚР заңнамасында белгіленген орындарда темекі өнімдерін пайдалану саласындағы ҚР заңнамасын бұзу фактілері анықталды. Атап айтқанда, қыздырылатын темекі, кальянға арналған темекі, кальян қоспасы, темекіні жылытуға арналған жүйелер, электронды жүйелер мен сұйықтықтарды тұтынуға тыйым салу.

Сарыарқа ауданы әкімі аппараты ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дамир Хисматуллин бұл іс-шара темекі өнімдерін кальян түрінде сататын бұзушыларды анықтауға көмектесетінін атап өтті.

– Кальян – адам денсаулығына және айналасындағылардың денсаулығына зиянды әсер ететін кең таралған құрылғы. Осыған байланысты халық арасында салауатты өмір салты тұжырымдамасын іске асыру мақсатында аталған іс-шара өткізіледі.

Көбінесе бұл құрылғыларды сатып алушылар – кәмелетке толмаған жастар, олар өз кезегінде денесіне келтірілген зиян туралы ойламайды. Өткен жылы қоғамдық орындарда кальян қолданудың 262 фактісі анықталды, аталған бұзушылықтар бойынша мекеме әкімшілері мен иелері атынан жауапты тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ биыл жыл басынан бері осындай 16 факт анықталды, – деді Дамир Хисматуллин.

Ол рейдтік іс-шаралар тұрақты түрде өткізілетінін айтты. Рейдтер барысында Республика даңғылы, 9/3-үй мекенжайындағы «Мята», М.Әуезов көшесі, 8-үй мекенжайындағы «Пинта» және Желтоқсан көшесі, 2-үй мекенжайындағы «Шишка» сияқты мекемелер қамтылды.

Профилактикалық іс-шараны өткізу кезінде 10 учаскелік полиция инспекторы жұмылдырылды.



## ШЕБЕРЛІК САБАҒЫН ӨТКІЗДІ

Бас қалада «Барыс-2008» хоккей клубының ойыншылары жасөспірімдерге коньки тебудің қыр-сырын үйретті.

Орталық саябақта Нұра ауданының әкімдігі ұйымдастырған іс-шараға жүздеген бала қатысты.

– Спорт шарасының мақсаты – салауатты өмір салтын ұстануды дәріптеу. Мұнда Үркер шағын ауданының балалары қатысып жатыр. Мұз айдынында барлық қауіпсіздік шаралары сақталған. Балалардың мұз айдынында коньки тебуі үшін барлық жағдай жасалған, – деді аудан әкімі аппаратының инспекторы Жарқын Айтжанов.

Мұнда 7-10 жас аралығындағы балалар мұз айдынында коньки тебуді үйренді. Оларға Оңтүстік Кореяның Канвон қаласында өткен IV қысқы жасөспірімдер олимпиадасының жеңімпаздары шеберлік сабағын өткізді.

– «Барыс-2008» хоккей клубының ойыншылары 10 жылдан астам спорттың осы түрімен айналыса-

ды. Бүгін олар мектеп жасындағы балаларға коньки тебудің әдісін көрсетті. Мұнда жиналғандар әуелі денесін шынықтырды. Кез келген адам мұзда коньки тебуді үйрене алады. Бастысы, жақсы коньки мен қызығушылық болуы керек, – деді «Барыс-2008» бас жаттықтырушысы Рамазан Кайдаров.

«Көңілді старт» спорт сайысына қатысқан Үркер шағын ауданының тұрғыны Әсел Бодықова өзінің 10 жастағы баласын алып келіпті.

– Ұлым 5-сыныпта оқиды. Соңғы 3 жылдан бері футболға барып жүр. Спортты жақсы көреді. Осы туралы естіген кезде бірден барғысы келетінін айтты. Көңіл күйіміз керемет! Осындай жарыстар көп болуын тілейміз! – дейді ана.

Сайыс соңында қатысушылар сыйлықтармен марапатталды.





Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВАҚЫСЫН ТӨЛЕМЕУГЕ  
ӘУЕСТЕР КӨП

Өкілеті бар «Астананың автотұрақ кеңестігі» компаниясының мәлімдеуінше, соңғы уақытта үйлердің жанындағы ақылы автотұрақтың көбі көлікті тегін қоятындай етіп, бұрынғы қалпына келтірілген көрінеді. Сондай-ақ өткен жылы шаһардың 5 ауданында да автокөлік иелері тегін пайдалана алатын 50-ден астам автотұрақ жабдықталған. Дегенмен 2023 жылдың 1 қазанынан бастап қаладағы барлық автотұрақ сенбі, жексенбі күндері де ақылы болды. Бұл жағдай қала тұрғындарының орынды алаңдаушылығын туғызғаны белгілі. Ал осы тұрғыда «Астананың автотұрақ кеңестігі» ЖШС директоры Шыңғыс Досыбаев былай деп түсініктеме берді:

«Бұл шешімнің кейбір автокөлік иелері тарапынан наразылыққа тап болғанын біліп отырмыз. Бізге осы тұрғыда телефон соғылып, арыз-шағым да айтылып жатыр. Біз оларға барынша түсінік жұмысын жүргізіп, мәселенің мән-жайын жеткізудеміз. Біріншіден, бұл көшелердің өткізу мүмкіндігін тұрақты түрде арттыратынын байқадық. Елорда көшелеріндегі барлығы 387 автотұрақта 7424 орын жабдықталған. Міне, осыған көлік иелері көбіне тегін қоюға әуес. Оған 2017 жыл мен 2023 жыл аралығындағы автотұрақтың ақысын төлемегені үшін салынған айыппұл 3,5 миллиард теңгеден асып отырғаны дәлел».

Ережеге сәйкес, автотұраққа ақыны алғашқы 30 минуттың ішінде төлеуіңіз керек. Егер көлігіңізді тек 5 минутқа ғана қойсаңыз, ақысын төлемеуге болады. Ал тұрған уақытыңыз 5 минуттан асып кетсе, онда бір сағаттың ақысы – 100 теңге төлеуге міндеттісіз.

Негізінен, компания жүргізушілерге автотұраққа ақы төлемегені немесе толық төлемегені, көлік құралдарын автотұрақ орнына дұрыс қоймағаны немесе ақылы автотұрақтағы жол белгісі сызықтарын елемені үшін айыппұл салады. 2023 жылы осындай ереже бұзушылықтан компанияға 244 миллион теңге түсіпті.



**ЕЛОРДА КӨШЕЛЕРІНДЕГІ  
БАРЛЫҒЫ 387 АВТОТҰРАҚТА  
7424 ОРЫН ЖАБДЫҚТАЛҒАН**

## ТЕГІН АВТОТҰРАҚ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Қазір елордада ресми статистика бойынша 419 мың автокөлік тіркелген. Бұл сан өткен жылы 394 мың болса, бір жылда қалада автомобиль саны 20 мыңға өскен. Бұған қоса, көшеде осы көліктерді қоятын автотұрақ жайы да кейінгі кезде өзекті мәселеге айнала бастағанын айтпасқа болмайды. Тіпті бас қалада үйінің айналасындағы алаңқайдың ақылы автотұраққа айналып кеткеніне наразылық білдіріп, сотқа жүгінген тұрғындар аз емес.

### СҰРАНЫС ӨСІП ОТЫР

Қала тұрғындарынан көптеген өтініш түсуіне байланысты «Астананың автотұрақ кеңестігі» ЖШС қалада бұрын ақылы болып келген тұрғын үйлердің жанындағы бірқатар орынды автоматты тегін қоюға болатын мүмкіндік туғызып отыр. Ол үшін сол үйде тұратын әрбір көлік иесі astanapark.kz сайтының «резиденттер» тарауына тіркеліп, онлайн-өтініш беруі қажет. Көлігіңіздің сериясы 01 болса, резиденттік абонемент алып, тек Астана қаласындағы бір автотұраққа

тегін қоя аласыз. Айтуды керек, өткен жылдың 1 қазанынан бастап автотұрақтар сенбі, жексенбі күндері де ақылы бола бастағанын бері резиденттік абонемент алуға сұраныс өсіп отыр. Қазірдің өзінде қалада 5 мыңға тарта адам тегін автотұрақ абонементін алып үлгерді.

Астана қаласы әкімдігінің бекіткен ережесіне сәйкес мына санаттағы азаматтар: Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен І, ІІ топтағы және бала кезінен мүгедектер, «Алтын қыран», «Халық қаһарманы» ордендерімен марапатталғандар,

«Алтын алқа», «Күміс алқа» иегері атанған көпбалалы аналар, Семей ядролық полигонынан зардап шеккендер, Ауғанстан соғысы мен тәжік-ауған шекарасындағы, Таудағы Карабах, Ирак жергілікті әскери іс-қимылына қатысушылар қаланың кез келген жеріндегі автотұраққа көлігін тегін қоя алады.

Ал өзі тұратын үй аумағында ақылы автотұрақ болса, қала әкімдігінің жаңа шешімімен енді ол үйдің тұрғындары ол жерге көлігін тегін қоюға мүмкіндік алды. Сондай-ақ жаңа жылдан бастап абонементі бар жүргізушілер (жеке және заңды

**АВТОМОБИЛЬДІ  
ТЕГІН ҚОЮ ҮШІН  
СОЛ ҮЙДЕ ТҰРА-  
ТЫН ӘРБІР КӨЛІК  
ИЕСІ АСТАНАPARK.  
KZ САЙТЫНЫҢ  
«РЕЗИДЕНТТЕР»  
ТАРАУЫНА  
ТІРКЕЛІП, ОН-  
ЛАЙН-ӨТІНІШ  
БЕРУІ ҚАЖЕТ.  
КӨЛІГІҢІЗДІҢ  
СЕРИЯСЫ 01 БОЛ-  
СА, РЕЗИДЕНТ-  
ТІК АБОНЕМЕНТ  
АЛЫП, ТЕК АСТА-  
НА ҚАЛАСЫН-  
ДАҒЫ БІР АВТО-  
ТҰРАҚҚА ТЕГІН  
ҚОЯ АЛАСЫЗ**

тұлғалар да) қаланың кез келген ақылы автотұрағына көлігін тегін қоя алады. Автоматты тіркеу жүйесі оның бәрін анықтап, реттеп отырады. Сонымен қатар «Астананың автотұрақ кеңестігі» ЖШС алдағы уақытта да елордада жүргізушілерге ақылы автотұраққа жеңілдік санатын беруді жалғастыруда. Қазірдің өзінде осы тұрғыда 10 мыңға тарта өтініш қаралуда.

### ЖАЙЛЫ ДА ЫҢҒАЙЛЫ БОЛУ ҮШІН...

Осы саладағы мамандардың айтуынша, ақылы автотұрақтың әлеуметтік мәні зор көрінеді. Бұл тіпті бұған Астана қаласының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму жоспарында аса мән беріліп, болашақта жеке көлікті пайдалануды азайтып, оның есесіне шаһарда ақылы автотұрақ санын арттыру көзделген. Бұл енді бара-бара адамдарды қоғамдық көлікпен жүруге бейімдеудің алғышарты болса керек.

Жоғарыда сөз болғандай, қаланың барлық аумағында жеңілдігі бар азаматтар автотұрақты тегін пайдалана алады. Солардың ішінде осы жеңілдікті елордада ең көп пайдаланатындар – Семей полигонындағы ядролық жарылыстан зардап шегушілер санатындағы жүргізушілер. Оған ие болудың көп қиындығы жоқ. Astanapark.kz сайтына кіріп, арнаулы үлгідегі өтінішті онлайн толтырсаңыз болды. Тек көлік міндетті түрде сол жеңілдік алуға құқығы бар адамның атына тіркелуі керек. «Астананың автотұрақ кеңестігі» компаниясы мамандарының айтуынша, 2023 жылы бірқатар автотұрақ қала әкімшілігінің келісімімен көліктерді тегін қоятындай қайта жабдықталған. Сондай-ақ аурухана, мектеп, балабақша мен балалар үйі мекемесі жанында орналасқан ақылы автотұрақтар алынып тасталған.

«Алдағы уақытта Сәкен Сейфуллин көшесі (№21, 28 үйлердің жанында), Республика даңғылы (№40 үйдің жанында), Әліби Жангелдин көшесі (№28 үйдің жаны), Абай даңғылы (№19 үйдің жаны), Ықылас Дүкенұлы көшесі (№32 үйдің жаны), Дінмұхамед Қонаев көшесі (№33/1 үйдің жаны), Талғат Бигелдинов көшесі (№6А үйдің жаны) және Мұхтар Өуезов көшесі (№9 үйдің жаны) әлеуметтік нысандар аумағындағы барлық ақылы автотұрақ тегін болады. Осының барлығы – қала тұрғындарының бас қаламыздағы әлеуметтік нысандарға келіп-кетуіне жайлы да ыңғайлы мүмкіндік туғызу үшін жасалып отырған игі қадам» дейді «Астананың автотұрақ кеңестігі» компаниясы.

## ТӘУЛІК БОЙЫ ҚАР ТАЗАЛАУДА

Соңғы күндері Астанада толассыз жауған қар айналыны ақ ұлпаға орады. Бұл қаланың коммуналдық сала қызметінің жұмысын күшейтті. Осыған орай, елордада қарды тазалау және шығару жұмысы тәулік бойы жалғасуда. 5 ақпан күні таңертең санитарлық тазалауда 2,5 мыңға жуық жол жұмысшысы жұмысқа шықты.

Астана көшелерін қар мен мұздан тазартуға 1,6 мың арнайы техника мен 2,5 мыңға жуық жол жұмысшысы жұмылдырылды. Өткен түнде қаладан 3,7 мың рейспен 55 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Қыстың басынан бері елордадан полигондарға барлығы 3,7 млн текше метр қар шығарылды, қар полигонына жөнелтілген рейс саны 273,5 мыңға жетті.

Қардың үздіксіз жаууына байланысты бас қаланың комму-

налдық қызметтері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Түнгі ауысымда қар тазалау жұмыстарында 300-ге жуық жол жұмысшысы, 1,3 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды.

Қыс басталғаннан бері қаладан полигондарға 3659196 текше метр жердің қары жөнелтілді, рейс саны – 269753.

Астана аумағындағы қарды тазарту жұмыстары қаланың барлық бес ауданында да жүргізіліп жатыр. Мәселен, Алматы ауданында қыс мезгілі басталғалы бері 973150 текше метр қар шығарылды. Қазіргі таңда бұл іске ауысымына 436 арнайы жабдықталған техника, сондай-ақ 679 жол тазалаушы қызметкерлер жұмылдырылған.

Байқоңыр ауданының аумағында да ішкі орам жолдарын тазалау жұмыстары жүргізілуде. Қыс мезгілі түскеннен бүгінгі күнге дейін Байқоңыр ауданы аумағынан қар полигонына 700 мыңға жуық текше метр



қар шығарылды. Бұл 50 мыңға жуық рейсті құрайды.

Қазіргі таңда аудан аумағына белгіленген қар полигоны тиісті режимде жұмыс жасап тұр. Қар полигоны жүк көліктерінің нөмірлерін тіркеу жүйесімен жабдықталған. Сондай-ақ ол жерде бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған. Тұрғындардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін бірінші

кезекте әлеуметтік нысандар мен көше бойлары және алдыңғы кезекте аула аумақтары қардан тазартылуда. Коммуналдық қызметтер толықтай күшейтілген режимде жұмыс істеп, санитарлық тазалауға аудан бойынша 300-ге жуық арнайы, 400-ден аса жұмысшы жұмылдырылған. Бұдан бөлек, көктайғақ болдырмау үшін арнайы тұзды қоспалар да себілуде.

Қардан даңғылдар, тротуарлар, аулалар мен үйлердің ішкі жолдары тазартылды. Қар шығару жұмыстары тәулік бойы, күндізгі және түнгі ауысымда жүргізіледі.

Түннен таңға дейін аудан аумағын 185 бірлік арнайы техника және 36 жұмысшы тазалайды. Қар тазалауға өзі аударғыш жүк машиналары, тиегіштер, автогрейдерлер және т. б. тартылды.





Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

## НЕ АЙТЫЛДЫ?

«ЖИ – экономика мен қоғамның қозғаушы күші» деп аталған сессия аясында AI және келешек еңбек нарығы, AI: тепе-теңдікті сақтаушы құрал, ЖИ адамзат өмірін 360 градусқа өзгертеді, генеративті жасанды интеллект: Төртінші өндірістік революцияның қозғалтқыш күші тақырыбы қамтылды.

Халықаралық валюта қорының мәліметінше, ЖИ түрлі сала қызметінің 60-70 пайызын автоматтандырып, еңбек нарығының 40 пайызына әсер ететін болса, озық елдердің экономикасында 60 пайызға дейін жетеді. Бұл – қиял емес, өмір шындығы, уақыт талабы. Мәселен, Microsoft компаниясы сервис қызметінде жоғары технологияны қолдану арқылы 100 миллион доллар үнемдеді. Бүгінде әлемнің алпауыт компаниялары жасанды интеллектіні интеллектуалды бағыттар: ағартушылық, медицина, журналистика және тағы басқа салада тиімді қолдана бастады.

Экономикалық форумда дискуссияға қатысқан сарапшылар 2023 жылы пилоттық жобада ЖИ өндіріске енгізілсе, 2024 жылы кең көлемде қолдану үдерісі жүретінін айтты. Тіпті, 2030 жылға қарай ЖИ экономикаға әсер ететін кәсіпкер немесе жоба менеджері рөлін атқарады деп күтілуде. OpenAI ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сэм Альтман таяу жылдары адамдар жоғары технологияның сенімділігін мойындап, одан қауіптенуді қоятынның дәйектеді. Компьютер ғалымы Рой Амараның ойынша, ЖИ ғаламдық деңгейдегі бастамаларды іске асырып қана қоймай, бастамашы қызметін атқаратын күн жақын. Бұл ойды қуаттаған Insitro Inc компаниясының директоры Дафна Коллер «Жасанды интеллект – адамдардың потенциалы жетпейтін күрделі мәселелерді шешеді. Мысалға, медицина, ауылшаруашылығы, климаттың өзгеру бағытындағы жаһандық мәселелерді қарастыру керек» деді. Ал Cohere Inc компаниясының бас директоры Эйден Гоместің сөзінше, әлем масштабындағы бастаманы атқаруға жасанды интеллектінің әлеуеті жетеді.



## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІГІ

Жыл сайын қаңтар айында Швейцарияның курортты қаласы Давоста ел президенттері, бизнес көшбасшылары, көрнекті ойшылдар бас қосады. Бүгінде жаһандық экономикалық форумның географиясы кеңейіп, беделі артып, әлем елдеріне бағыт-бағдар көрсететін ұйымға айналды. Спикерлер жер жаһанның негізгі мәселесін талқылап қана қоймай, шешілу жолдарын ұсынады. Сондай өзекті тақырыптың бірі жасанды интеллектке (ЖИ) арналды.

Сингапурдың Байланыс және ақпарат министрі Жозефин Тео адамзаттың келешегін жасанды интеллектпен байланыстырды. Сонда адамдар жасанды интеллектісіз өркендей алмайтын жағдайға жетті ме?

### НЕСІМЕН ЕРЕКШЕ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Bridge 2023 халықаралық форумында «Жасанды интеллект – бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқаты. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті адам өмірін қалай

түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллектінің ықпалы дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастырады» деп баға берген-ді.

Давос форумында генеративті жасанды зердеге басымдық бергені жайдан жай емес. Интеллектінің бұл түрі несімен ерекшеленеді, соның мәнін ашып алсақ. Уақыт машинасы аталатын алгоритмдер жүйесі үш қасиетке ие. Яғни модель, дерек және есептеуді меңгеру арқылы ең ақылды адамдардың потенциалынан бірнеше есе

асып түседі. Модель – ақпарат қабылдайтын және өңдеуге икемді алгоритм (алгоритм – бастапқы мәліметті пайдаланып іздеген нәтижеге жеткізетін әрекет тізбегі). Дерекке алгоритмдерді үйренетін түрлі мысалдар жатады. Соңғысы алгоритмнің ауқымын, маңызын, деңгейін, қасиетін есептеу жатады. Осындай күрделі технологиялық процестерді меңгерген ғылыми технология адаммен сұхбаттасып, сурет салып, музыка өңдей алады. Олар әлем тілдерін тану, ажырату, аударуға қабілетті болады. Мысалы, ағылшын тілінің сөздік қорын үйреніп, одан өлең құрап, ән айтып, эссе

немесе ғылыми жоба жазып, антиплагиат бағдарламасынан 97 өткізеді. Дерек негізінде жаңа алгоритм істейтін жасанды зерде өнер, химия, физика, биология, математика, инжиниринг және тағы басқа білім-ғылым саласын меңгереді. Чат-боттар үшін медиа жасау, өнімді әзірлеу және дизайн саласы қарапайым іс-әрекет саналады.

Goldman Sachs мәліметі бойынша, генеративті AI жаһандық жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ) 7 пайызға арттыруға қабілетті. McKinsey & Co компаниясының есебінше, генеративті жасанды интеллект жаһандық экономикаға жыл сайын 4,4 триллион долларға дейін арттырады. Бұл – банк ісі, сервистік қызмет, медицина, білім беру, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп тағы басқа салаларды трансформациялайды. Мысалы, банк секторында генеративті AI экожүйесі жылына қосымша 200-340 миллиард долларға дейін табыс әкелуі мүмкін. ЖИ табысының 75 пайызы тұтынушылар операция (банк немесе қор нарығы), бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламаны жобалау, өңдеу және кодтау процесі), маркетинг, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысынан келеді.

Қысқасы, жасанды интеллектіден қай мемлекет бас тартса, өркеніет көшіне ілесе алмай, бүгінгі африкалық елдердің күйін кешеді. Бірақ оның зияны да бар. Ғалымдар мұны жоққа шығара алмайды.

### ЗИЯНЫ ҚАНДАЙ?

20-25 жыл бұрын смартфон біздің күнделікті өмірімізге еніп, ажырамас бөлшегіне айналады дегенге кім сенді? Сол секілді қалаймыз ба, қаламаймыз ба жасанды зерде өмірімізге енеді. Өркендеп, өрлеуде ЖИ қызметіне сүйенуден басқа амал жоқ. Бірақ зиянды тұсын да ұмытпау керек. Бұл туралы Илон Маск «Мұның жағымды да, жағымсыз да тұсы бар. Оны пайдаланудың тиімді тұсы өте көп десек те,

ол ядролық бомбалар сияқты үлкен қауіп төндіруі мүмкін екенін естен шығармау қажет. Сондықтан бізге бұл саланы әлі де жан-жақты зерттеу керек» деп маңыз берді.

Сарапшылар алгоритм машинасы адам санасының дамуын тежейтініне қауіптеніп отыр. Себебі білім алушылар өз зерде-зейінін дамытудың орнына көмекші боттарға жиі-жиі жүгініп, технологияға тәуелділігі арта береді. Бұл – адамзаттың келешегі үшін өте қауіпті. Болашақты болжайтын футуролог Герд Леонгард «Технологияда этика жоқ. Ол адами құндылықтар туралы ойламайды. Оның ойлайтыны – факт. Мәселе де осында» дейді. АҚШ журналистері сайттағы «Жасанды интеллекті реттеу» атты тақырыптағы мақала жоғалып кеткенін айтып, дабыл қақты. Яғни өз бетінше шешім шығару қабілетіне ие бола бастады.

Ең қорқыныштысы, ЖИ интернетке байланған адамзатқа фейк ақпарат тарату қаупі бар. Gartner Research компаниясының сарапшысы Авивой Литан «Ғылыми технология танымал адамдарға ұқсас бейне мен фотосурет салып, дауысын дәл қайталай алады. Яғни жалған аккаунттар құрып, ақпараттық шабуыл жасап, таратуға қабілетті» деді.

Деректер мен мәліметтердің құпиялығын сақтау қиындайды. Өйткені технология үшін ақпараттық құпия деген мүлде болмайды. Тіпті банктердің немесе мемлекеттің құпия деректерін онлайн сақтау мүмкін болмайды. Күн тәртібіне киберқауіпсіздік мәселесі шығып, жазушылар мен журналистер, суретшілер мен композиторлар авторлық құқығын қорғауы қиындайды.

Қысқасы, ашықтық пен жариялықты ұстанатын роботтардан ешнәрсе жасыру мүмкін болмайды. Қазір адамдар смартфонға қандай тәуелді болса, алдағы уақытта ЖИ-ке бағынышты болады. Құлдықтың ең үлкені – осы. Бұл туралы түсірілген фантастикалық кинолар көп.

**P.S:** 1971 жылы негізі қаланған Давос экономикалық форумының күн тәртібіне ЖИ тақырыбы шығаруы – заңдылық. Өйткені Төртінші өнеркәсіптік революцияны іске асыратын ғылыми технология – жасанды интеллект мемлекеттің ілгерілеуінде маңызды рөл атқарады. Дегенмен оның зияны мен залалын сараптау да – маңызды мәселе.

## СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ СҰРАМШАҚ БОЛСА...

Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау туралы» заң жобасының таныстырылымы өтті.

Туризм және спорт министрінің орынбасары Серік Жарасбаев заң жобасы негізгі төрт бағытты қамтитынын айтты. Біріншісі – спорт түрлеріне басымдық беру. Қазақстанда қазір спорттың 180 түрі дамытылып жатыр. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдары 13 қысқы олимпиадалық спорттың 5 түрін, 46 жазғы олимпиадалық спорттың тек 13 түрін ғана олимпиадалық жүлделер алыпшыз. Жұмыс тобында бірқатар ұсыныстарымызды айттық. Спортты түсінетіндер, түсінбейтіндер бар.

180 спортты елдің бәрі түсінуі мүмкін емес. Спорттың қысқы, жазғы түрлері, параолимпиадалық спорт, ұлттық спорт, бұқаралық спорт деген бар. Осы заң жобасында «республикалық федерация» дегеніміз «ұлттық федерация» болып өзгерейін деп тұр. Бұл жерде олимпиадалық, негізгі спорт түрлері қалады. Қалғаны өңірлерге кетеді. Бізді алаңдатып отырғаны – көп жылдан бері тер төгіп жүрген көптеген спортшылар, спорт федерацияларының басшылары бар. Айлығы шайлығына жетпейді. Солар «ертеңгі күні олимпи-

адаға кірмейміз. Бізді ысырып тастай ма» деп алаңдайды. Бізде бір салаға қатысты заң шықса қорқады. Өйткені сынаушылар көбейіп кетсе ақшаны да тоқтатып тастауы мүмкін. Елдің бәрі олимпиадалық спортты сүйіп, онымен айналыспайды. Я болмаса өздері тұратын жерде ондай үйірмелер болмауы мүмкін. Өте үлкен әрі жақсы федерациялар бар ауқымды жұмыстар атқарып отырған. Соған мән беру керек деп ойлаймын.

Қаражаттың орынсыз жұмсалып, желге ұшып жатқанын Президенттің өзі айтты. Осыған шектеу қоятын уақыт келді. Заң жобасында спорт саласына қатысты жақсы, батыл шешімдер бар. Батыста велоспортты жоғары бағалайды. «Астана», «Барыс» хоккей клубтары туралы да көп айтылады. Бұл жаққа да спорттық қордан көп қаражат кетіп жатыр. Бізде де ММА дейміз ғой. Осы салада жұмыс істедім. Шавхат



Рахмонов сияқты әлемге әйгілі спортшыларымыз бар. Мемлекеттен қаржы алмай, өз демеушілерінің көмегімен Қазақстанның беделін, абыройын миллиардтаған ақша алған спортшылардан да жақсы көтеріп жатыр. Өздерімен өздері дамып келеді. Демек бәріміз мемлекетке қол жайып отыра бермеуіміз керек. Спорт федерациялары дұрыстап, ширақ жұмыс істеуі керек. Алда Париж Олимпиадасы келе жатыр. Олимпиадада үміт артатын спортшы

таппай отырмыз. Біздің спортшылар жарты жыл, бір жыл сабылып жүреді. Әкімдіктерге, бүкіл бизнесмендерге кіреді. Күнде бітпейтін той. Идеология деген осы ма? Не бұл? Осы жағына да бір шектеулер керек деп ойлаймын. Спортшыларымыз сұрамшақ болса, елдің спорты қалай дамиды? Ойланып көрейікші, ағайын.

Данияр ҚАСҚАРАУОВ,  
Мәжіліс депутаты



Сондықтан тарихымыздың көпшілікке беймәлім тұстарын, шаң басқан «ақтаңдақ» беттерін ашуға жаппай ұмтылыс пайда болды. Әсіресе, жоғары оқу орындарындағы студенттер ортасында, түрлі үйірмелерде, жиындар мен қауымдарда аталған тақырып жиі талқылана бастады.

Сол кездері аз таралыммен жарық көрген тарихи басылымдар, көне, сирек кітаптар қолдан қолға өтіп, ел арасына ротапінт әдісімен жасалған көшірмелер көптеп тарады. Көкірегі ояу жұрт әр жерден там-тұмдап оқығанын да жасырмайтын. Әрине, ондай туындыларды көзі қырағы цензура сүзгісі бір кертіп алса, тың тындап, із аңдушылар тұтас тиражын жинап турап тастайтын. Соған қарамастан, құнды кітаптардың азын-аулақ бөлігі түрлі жолмен сақталып, кейінгі ұрпаққа жетіп жатты.

Ал ауыздан ауызға көшіп жүрген терең тарихты, төл шежірені, бірқатар халыққа қатысты оқиғаларды көпшіліктің жадынан өшіру мүмкін емес еді. Бұл жөнінде Лев Гумилёвтің: «Жад қана уақытты өткенге, қазірге, болашаққа бөледі. Солардың ішінен өткені ғана шын» деп жазғаны бар.

Сондай шын, саликалы өңгімелерден біршама хабары бар КазГУ-дің студенті, Семей облысы (қазіргі Абай) Қарауыл ауылында туып-өскен болашақ журналисты, біздің курстас досымыз Бейбіт Сапаралин 20 жасында Ленинград қаласына барып, әйгілі Лев Николаевич Гумилёвпен кездеседі. Арнайы барып, үйін, пәтерін іздеуі – жеке әңгіме. Әуелі қалалық адрес бюросына барып сұрау салады, арнайы анықтамалықтан бір емес, екі үй телефон нөмірін тауып алған соң, күні бойы кезегімен теріп, хабарласып ала алмайды. Болмаған соң, адреспен іздеп, ғалымның тұратын мекенжайына барып, қоңырауын басады. Есікті Лев Николаевичтің өзі ашыпты. Бекең өзін жөнімен, асықпай таныстырады. Алыстан іздеп келген жап-жас жігіттің ынтасына, сұрақтарына риза болған ғұлама ерекше қуанып қалады. Ақындар отбасында дүниеге келген әйгілі тұлға, этнос, этногенез ұғымының түп-тамырын, пассионарлық қасиеттің негізін әлемге айқындап берген зерттеуші, аңыз адам – Лев Николаевич Қазақ университеті журналистика факультетінің жергілікті студентіне емен-жарқын сұхбат береді.

Бұл кезде кеңестік түркі дүниесінде Л.Н. Гумилёвті сырттай танымайтын оқыған жұрт сирек еді. Оның ғылыми көсемсөз (публицистика) жаңырындағы еңбектері оқылымы көп ғалым дәрежесіне көтерген-ді.

Шындығында, тарихи үдерістің заңдылығын ұқтыратын әйгілі пассионар теориясының авторы да Лев Гумилёв болатын. Оның пайымдауынша, табиғаттағы географиялық және климаттық жағдайлардың құрғақтылық немесе ылғалдың тым көбейіп кетуі – пассионарлықтың қайнар көзі. Осының негізінде ол Орталық Азия, Русь халықтарының Алтын Ордамен қарым-қатынасы тарихын жаңа тұрғыдан қайта қарауды ұсынды. Пассионарлық – белсенді қызметке құлшыныс, мәдени, идеологиялық, философиялық жүйелерді дамытудың өзегі. Ғалым осылай дейді.

Табиғи-алеуметтік феномен саналатын этнос, суперэтнос белгілі бір өңірде өркеніет қалыптастыратынын, ал пассионарлық бұрыннан бар өмір сүру шарттарын өзгерту үшін қоғаммен қақтығысқа түсетінін, идеологиясын батыл енгізіп, жақтастарын көбейте беретінін дәлелдеді.

Барша қоғам пассионарлыққа әрдайым мұқтаж бола бермек. Сондықтан мұндай тағдыршешті талқы, тұжырым – өркеніеттің



## ПАССИОНАРЛЫҚ ЖОЛДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Өткен ғасырдың 80-жылдары совет өкіметі халыққа жақындау мақсатында бір кездері жіберген астамшылығы мен тарихи әділетсіздігін «білместікпен» біртіндеп әшкерелей бастады. Бір жағынан осы кезеңдегі экономикалық дағдарыс алып мемлекеттің өткеніне қайта үңілуге мәжбүрледі. Көмескілене бастаған деректер жария етіліп, жасырын әзірленген жинақтарға (самиздат) сұраныс артты. Идеология майданында жар жағалап жүргендер тоқырау табиғатын түсінбей әлекке түсті. Өйткені олар қоғамның көңіл ауанынан, ұлттық сана серпілісінен мүлдем хабарсыз еді. Оны лайықты әрі жете бағалау үшін жаңаша ойлап, батыл өзгерісті бастау қажет еді. Ал халық уақыт талабына бейімделу жолын таңдаған-ды.

дамуы үшін қашан да көкейкесті күйінде қалмақ.

Осы және өзге мәселелерді Лев Гумилёв кітаптарынан тереңірек оқуға болады. Ең қызығы, студент Сапаралин осыны Ленинградқа барып, автордың өз аузынан естіп қайтты.

Бейбіттің Еуразия тарихының білгіріне екінші рет сәлем беруінің сәті араға екі жыл салып, өзі диплом алатын 1984 жылы қыста түседі.

Ғалымның жұбайы – суретші Наталья Симоновская төсек тартып жатса да, күйеуінің жаңадан шыққан кітабын белгілі академик-профессорларға арнайы жіберуін есіне салып жатқанын естіген Бейбіт сөзге келместен өз көмегін ұсынады. Лев Гумилёвті жетекке алып, жақын жердегі пошта бөлімшесіне барады. Асқан ұқыптылықпен ресімдері, бірнеше достарына, әріптестеріне бандероль жіберген соң, ақсақалды қайта үйіне жеткізіп салып, ғалымның батасын алады.

Өз еліңде емес, ғұндар ұрпағы өніп-өсіп жатқан өзге елдерде сый-құрметке бөленетінін сезгендей әңгіме өрбіткені Бейбіттің есінде қалыпты. Ол жайдан-жай емес еді.

Лев Николаевич Ленинград мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, түрлі себептен екі рет оқудан шығып қалады. Ал дипломдық жұмысына Орта Азияның қыштан құйылған статуэткалары тақырыбын таңдайды. Түрік, тәжік тілдерін өз бетінше оқып-үйренуі оның айрықша ыждаһатын көрсетеді. Одан соң 1946 жылы КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының аспирантурасына қабылданып, көп ұзамай одан да шығарылады.

Ал 1948 жылы өзі оқыған Ленинград университетінде «Алғашқы түркі қағанатының егжей-тегжей саяси тарихы» атты диссертация қорғап, тарих ғылымының кандидаты атанады. Жас ғалым еңбек жолын КСРО халықтары Этнографиялық музейінде аға ғылыми қызметкер болып бастайды. Алайда 1949 жылдың күзінде «антисоветтік қызметпен айналысқаны үшін» айыпталып, 10 жылға сотталады.

Әуелі Қазақстанда Қарағанды облысындағы Шерубай – Нұра лагерінде, одан кейін Ресей аумағында жазасын өтейді. Басында 1956 жылы қылмыс құрамының болмауына байланысты түрмеден босатылса, кейін 1975 жылы толық ақталып шығады. Мемлекеттік Эрмитажға кітапханашы, лаборант болып жұмысқа орналасады. Кезінде аяқтап үлгермеген «Ежелгі түріктер. Ежелгі және орта ғасыр шегіндегі Орталық Азия тарихы (VI-VIII ғасырлар)» атты докторлық диссертациясын қорғайды. 1974 жылы ол екінші докторлық диссертациясын «Этногенез және Жер биосферасы» атты тақырыпта география ғылымынан қорғап шығады. Алайда оны Жоғары аттестациялық комиссия бекітпей тастайды. Лев Гумилёвтің ежелгі Русь тарихы туралы гипотезаларына, соның ішінде «Игорь жасағы туралы сөз» поэмасының тарихи желісіне түсінік бергенде, академиялық ғылым өкілдері өре түрегеліп, қарсы шығады. Айтқандай, ол осы тақырыпты кейін өз бетімен зерделеген Олжас Сүлейменовтің әкесі – Омармен айдауда, лагерьде бірге болғаны да Олжасқа «Азия» идеясын ұсынғанын да Бейбітке айтқан екен. Лев Гумилёвтің тарихты тереңінен қозғап жазған 12 монографиясы әлі күнге дейін пікірталас тудырады. Ғалымды өткен дәуірдегі шым-шытырық оқиғалар қызықтырды. 40-тан астам этностың тарихын тұтас зерттеуге күш салды. 1990 жылы ол жүрек талмасына ұшырап, екі жылдан кейін 80 жасында дүниеден озды.

Есімін есте қалдыру мақсатында Санкт-Петербург университетінде Лев Гумилёвтің музей-кабинеті жасақталып, Коломенская көшесінде өзі тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылған.

Ал 2005 жылы Қазан қаласының мыңжылдығын атап өту кезінде оған ескерткіш орнатылды. Бір қызығы, дәл сол орынға басында І Пётрдің ескерткішін тұрғызу жоспарланған. Бірақ татар зиялылары өз астанасынан Лев Гумилёв ескерткішін көргісі келді. Сол үшін күресті де. Ақыры солай болды.

Оның тұғырында: «Өмір бойы татарларды жаладан қорғаған орыс адамына» (Русскому человеку, всю жизнь защищавшему татар от клеветы) деп ойып жазылғаны көп сырдан хабар беріп тұрғандай...

Аты мәшһүр оқымыстының тағдыры, сан тарау соқпағы біздің елімізбен де түйісіп жатады. Алматыға бірнеше мәрте келді. Ол араға жылдар салып Қазақстанның тәуелсіз ел болатынын болжап кетті. Кенесары туралы да таңдаулы ой айтты.

1996 жылы Астанада Еуразия ұлттық университеті ашылғанда, қазақ халқы осы оқу орнына өзін еуразияшыл санаған үлкен ғалымның, географтың, археологтың, тарихшының, жазушының есімін берді.

Осы елдік ортақ істе Бейбіттің еңбегі барын ешкім жоққа шығара алмайды. Оның сұхбаты, ғалым туралы жазғандары зая кетпеді. Ұлт танымын, мәліметін арттырды.

## ЖАДЫМЫЗҒА НЕ БОЛҒАН?

Ақын Мұхтар Шаханов «Ұлан-байтақ жерімізде жарты адамдар қаптады» деп толғамай ма? Әрі жарты адамды «Компьютер басты» деп теңейді. Қоғам қайраткері ұлт рухынан, ұлт мәдениетінен сусындай алмағандарға осылай ашына өлең арнайды. Біздің «Компьютербасты жарты адамдарымыз» сәл басқаша. Олар ұлт рухын сезінеді, ұлт тілінде сөйлейді, бірақ жады тым тар, оқыған-көргенін бірнеше минуттан артық есінде сақтай алмайды. Ұлттық трагедиясының бірі – осы.

### Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Тәрде қой басын бөлшектеп отырған ақсақал: «Балам, мына құлақ саған. Үлкендердің айтқанын ұғып алар құйма құлақ бол, ақпа құлақ болма!» деген тілекпен балаға ұсынғанын естідім. Бір ауыз сөздің тәлім-тағалымын терең түсінеміз бе? Біз қай құлаққа жатамыз. Осы туралы ойланп көрдіңіз бе?

### ҚҰЙМАҚҰЛАҚТАР ҚАЙДА КЕТТІ?

Алпамыс пен Қобыланды жырын жеткізген, Абайдың өлеңін ауыл-ауылға таратқан құймақұлақтар арамдыда тым аз. Шынында, досының туған күнін ұмытып кетпеу үшін телефонға жазып, оятарға қосып қоямыз. Болмаса, ұмытып кетіп, абыройсыз қаламыз. Қазір поэмалар мен өлеңдерді жаттап алып, түңді таңға жалғайтын дарындылар бар, бірақ көп емес. Бұл әр қазақтың негізгі мәселесіне айналды.

Иә, бүгінде есте сақтау қабілетіміз соншалықты төмендеп кеткеніне үйреншікті құбылыс ретінде қарайтын болдық. Бір сөзбен айтқанда, флешкадағы естің азайғаны сияқты, жадымыздағы «сақтау орны» да кеміп жатқандай. Бірақ, флешканың ішіндегі артық материалдарды өшіріп, есті қалпына келтіруге болады. Адамның жады ше?

Тарихтан қазыналы қариялар ұзын-сонар дастандар мен қиссаларды кешті кешке жалғап жатқа айтқанын жақсы білеміз. Сыр өңірінде Айдархан Бибасаров есімді жазушы өмірден өтті. Ол кісі Ұлы, Кіші, Орта жүздік руларының шежіресін тарқатып, тіпті «Абай жолы» романының әр жерін жатқа айтып отыратын еді.

### ЕСТЕ САҚТАУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Кезінде бір ғалым: «Адам қағазды ойлап тапқан күні жадынан айырылды» депті. Расында, әбден есте сақтау қабілетіміздің нашарлағаны соншалықты керекті сөзді қағазға түргізіп алмасақ, халіміз мүшкіл! Ал компьютер мен ноутбук, планшет пен смартфон ұстаған жастар туралы не айта аламыз? Жоғарыда аталған телевидение мен интернет деген

«ғасыр жеңімпазын» қосыңыз.

Соңғысының адам жадына әсері тіптен қиын. Мамандар технология адамның жаттау, есте сақтау қабілетін төмендетеді. Өйткені тек көзбен көріп ой қорытатындықтан бірнәрсені жаттаудың керекті болмайды. Нәтижесінде адамның есте сақтау қызметін жүзеге асыратын ми қыртысындағы қатпардың қызметі нашарлайды. Сөйтіп, компьютер басты жарты адамдар қалыптасады.


Екінші жағы, адам өз-өзіне ұқыпсыз, жауапкершіліксіз қараудан да есте сақтау қабілеті төмендейді. Оған: дүние үшін қатты қайғыру, өте ыстық тағамды жеу немесе ішу, көп қалжыңдасу, әрдайым тоқ болып жүру, ішімдікті көп ішу, есірткі қолдану және тағы басқасы әсер етеді.

### САҚТАНУ ЖОЛЫ

Ең бірінші, салауатты өмір салтын ұстану керек. Үзбей спортпен айналысудың нәтижесінде миға қан келіп, ағза оттегіні қабылдап, мидың жұмысы жақсарады. Егер мидың жұмысы жақсы болса, есте сақтау қабілеті де жақсара түседі.

Есте сақтауды қалпына келтіруге ұйқының орны ерекше. Күндіз ми қабылдаған ақпарат түнгі ұйқы кезінде қайта іске қосылады. Ғалымдардың дәлелінше, ми жасушалары адамның ұйықтап жатқан сәтін пайдаланып, тазарту жұмысын жүргізеді. Яғни күндіз қабылданған ақпараттар түнгі ұйқы кезінде бас ішінде сараланып, рет-ретімен түзіледі. Ұйқының жетіспеушілігінен ми қабаттары зардап шегіп, есте сақтау қабілеті төмендейді. Адам алкоголь ішіп ұйықтауы өте зиян. Мәтіннің мағынасын жете түсінбей, жаттап алудың кері әсері бар. Неғұрлым өз сөзіңмен айтып жеткізсең, есте сақтау қабілетің жоғарылай түседі.

Қайталау – есте сақтаудың қайнар көзі болып табылады. Бірақ, мәтінді бір дегенде бес мәрте емес, бес күннің ішінде бір реттен қайталап оқып отырсаң, әлдеқайда есте қалады.



**P.S:** Жады жұмысының қарқынды болуы үшін адамның ұйқысы қанық болуы тиіс. Ал психиатрлар жады ұшқырлығы үнемі өз күшін жоғалтпау үшін дұрыс ойлау және оны есте сақтауды жүйелі түрде қалыптастыру зор дейді.

Дархан МЫҢБАЙ



## АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАНАРДЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІН АТАП ӨТКЕНІ ТУРАЛЫ

Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеу шеңберінде Астана қаласының қалалық аумақтық сайлау комиссиясы 2024 жылғы 29 қаңтардан 2 ақпанға дейін Дүниежүзілік сайлау күнін (бұдан әрі – ЖСК) өткізу кестесін жасап, іс-шараларға барлық аудандық аумақтық сайлау комиссиялары қатысты.



Осы кезеңде жыл сайын ақпанда айының бірінші бейсенбінде атап өтетін «Дүниежүзілік сайлау күні», «Қазақстан Республикасының сайлау жүйесінің дамуы» тақырыптарында қала жастарының көшбасшыларымен кездесулер өткізілді. Сайлау органдарының кәсіби мерекесі 2005 жылы өткен сайлауды ұйымдастырушылардың Бас конференциясында Будапештте (Венгрия) және Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен, биыл мереке 1 ақпанда тойланды.

Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеу дәстүрі Қазақстан Республикасы толыққанды мүшесі болып табылатын Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығымен (АСЕЕЕО) бастамашылық етті.

Кездесулер тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихымен тығыз байланысты еліміздің сайлау жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері туралы қоғамды ақпараттандыруға, сайлаушылардың электралдык белсенділігін арттыруға және жастар арасында демократиялық құндылықтарға деген ұмтылысты қалыптастыруға бағытталған.

Астанада ұйымдастырылған іс-шаралар кестеге сәйкес жүргізілді.

Ағымдағы жылдың 1 ақпанында қалалық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының базасында Астана халықаралық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, КЕАҚ Астана қаласы жеті жоғары оқу орнының студенттерімен дөңгелек үстел өткізді. Медицина университеті, Астана IT университеті, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Есіл университеті, Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, барлығы 34 студент қатысты. Қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Жұмабеков Бейсембай Қуанышұлы құттықтау сөз сөйлеп, студенттерге Қазақстандағы сайлау жүйесі туралы жан-жақты ақпарат берді. Тәуелсіздік жылдарында халықаралық стандарттар мен демократиялық талаптарға сай келетін сайлау жүйесі құрылды. Бұл саяси, мемлекеттік және құқықтық жүйені кезек-кезеңімен жаңғыртудың арқасында мүмкін болды. Дөңгелек үстел барысында қалалық сайлау комиссиясының мүшесі

Искакова Сайран Қабдолдинқызы «Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесінің дамуы» тақырыбында баяндама жасады. Оқушылармен практикалық жұмысты жалғастыру бес топ ұйымдастырылды, әр топ тапсырма алып, өз жобасын таныстырды. Сондай-ақ сайлау жүйесі туралы сұрақтарды білу бойынша жедел сауалнама жүргізілді. 10-15 минут ішінде топпен жұмыс жасай отырып, өз жобасын ұсынып, сайлауалды үгіт-насихат формасын, электронды дауыс беруге көшіру арқылы сайлауды өткізу форматын жетілдіруді ұсынған студенттердің белсенділігі мен қатысуын атап өткен жөн. Семинар барысында жағдайларға талдау жасалды. Семинар соңында қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Жұмабеков Бейсембай Қуанышұлы семинарға қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Байқоңыр ауданының аумақтық сайлау комиссиясы ағымдағы жылдың 29 қаңтарында Есіл университетінде 45 студент қатысқан шара өткізді.

Баяндамашылар округтік комиссияның төрағасы Әбішев Нұрбол Мұхамбетнұрұлы және №134 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Айжан Есенқұлқызы Тұяқова өз сөзінде тәуелсіз Қазақстанның сайлау жүйесінің қалыптасуының негізгі заңдылықтарын ашып берді, олар сеніммен жүргізілді. Әлемдік қауымдастыққа ұлттық мүдделермен үйлестіре отырып, халықаралық сайлау принциптері мен стандарттарына адалдық позицияларында кірді.

Сарыарқа ауданы бойынша аумақтық сайлау комиссиясы ағымдағы жылдың 30 қаңтарында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде семинар өтті. Семинарға осы оқу орнының 100 студенті, сайлау комиссияларының мүшелері және Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясының өкілдері қатысты.

Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – сайлау процесінің негіздерін түсіндіру және қазіргі заманғы сайлау заңнамасының қағидадарын, біздің мемлекетімізде жұмыс істейтін сайлау жүйесін нақты түсіну, сондай-ақ жастарды негізгі демократиялық принциптермен және постулаттармен таныстыру, олардың сайлау құқықтарын түсінуін және мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін арттыру. Диана Қыдырханқызы бекітілген Дүниежүзілік сайлау күні туралы кеңінен айтып, қоғамдық

санадағы демократия үдерісін жүйелеуге, халықты сайлау үдерісіндегі жетістіктерден хабардар етуге, сайлауға деген тенденцияны қалыптастыруға баса назар аударды.

Семинар-тренинг басталмас бұрын мұз экрандарынан сайлау күні туралы бейнеролик көрсетілді. Сөз соңында Диана Қыдырханқызы студенттердің сұрақтарына жауап берді. Семинар соңында студенттерге қазақ және орыс тілдерінде «Дауыс беру күнін өткізу тәртібі» атты буклеттер түріндегі ақпараттық жадинамалар таратылды.

Ағымдағы жылдың 31 қаңтарында Алматы ауданы бойынша аумақтық сайлау комиссиясы Еуразия ұлттық университетінің экономика, филология және механика-математика мамандықтары бойынша 3 және 4 курс студенттерімен семинар-тренинг өткізді. Л.Н.Гумилев «Қазақстан Республикасының сайлау жүйесінің дамуы» тақырыбында барлығы 23 оқушы қатысты. Семинарда бірінші болып сөз алған комиссия төрайымы Гүлсім Көшембаева Қазақстанның сайлау жүйесінің дамуы мен қалыптасуына тоқталды. Екінші сөз алған «Алматы» округінің №11 учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Галина Мякушко жастардың сайлауға қатысуы неліктен маңызды екенін түсіндірді.

Наурыз ауданының аумақтық сайлау комиссиясы ағымдағы жылдың 2 ақпанында Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінде 2 және 3 курс студенттерімен семинар өтті. Семинарға барлығы 60 студент қатысты. Комиссия төрағасы Төребеков Берік Жолмұханұлы демократиялық сайлаудың халықаралық қағидадары мен стандарттарына, байқаушылармен жұмыс істеуге, Қазақстан Республикасы сайлау комиссияларының біртұтас жүйесін құруға, сайлауды дайындау мен өткізу үдерістеріне тоқталды. Азаматтардың уақытша болатын және мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ететін жерлерде құрылған сайлау учаскелері.

Алғаш рет дауыс беруге қатысқан жастар үшін Берік Жолмұханұлы дауыс беру бюллетенін толтыру формасына кеңінен тоқталып, студенттердің өз беттерінде сайлау бюллетеньдерінің үлгісін толтыруға мүмкіндік беріп, практикалық жұмыстар жүргізді. тындаушылар. Семинар соңында студенттерге қазақ және орыс тілдерінде «Дауыс беру күнін

өткізу тәртібі» атты буклеттер түріндегі ақпараттық жадынамалар таратылды.

Есіл ауданы бойынша аумақтық сайлау комиссиясы ағымдағы жылдың 2 ақпанында Астана халықаралық университетінде «Сайлау – әркімнің ісі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараның мақсаты – болашақ сайлаушылардың құқықтық мәдениетін арттыру, жастардың бойында сайлау құқықтарын саналы түрде жүзеге асыруға қажетті білім, білік және дағдыларды дамыту.

Дөңгелек үстелге Астана халықаралық университеті Жоғары заң мектебінің басшылығы мен оқытушылар құрамы, докторанттар, АМУ студенттері қатысты. Комиссия төрағасының орынбасары Гүлвирам Маркинжанқызы Акбарова және Астана халықаралық университеті Жоғары заң мектебі деканының орынбасары Жанат Дүйсенбайұлы Сейілханов кіріспе сөз сөйледі. Іс-шараның модераторы заң ғылымдарының кандидаты, Жоғары құқық мектебінің доценті Түсіпова Лязат Қапасқызы болды.

Дөңгелек үстел барысында аға оқытушы Ф.М.Абугалиева «Қазақстан Республикаларының азаматтарының сайлау құқығын жүзеге асырудағы күштік ерліктер» тақырыбында баяндама жасады.

Доцент Л.Қ.Амандықова Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесінің дамуының негізгі аспектілеріне тоқталды. Іс-шара барысында доцент Е.С. Жамбаев «Қазақстан Республикасындағы электрондық сайлау жүйесін пайдалана отырып сайлауды өткізу ерекшеліктері» атты баяндама жасады. Сонымен қатар, дөңгелек үстелде докторант С.Г.Қожахметова «Демократиялық әдістерді (сайлау, референдум) қолданудың құқықтық негіздері» туралы баяндама оқыды.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы халықаралық сайлау принциптері мен стандарттарын ұлттық мүдделермен үйлестіре отырып, әлемдік қоғамдастыққа сеніммен кірген тәуелсіз Қазақстанның сайлау жүйесінің қалыптасуының негізгі заңдылықтарын, сайлау үдерісінің негізін және жаңашылдықтарды ашты.

Бүгінгі таңда сайлау институтының болуы демократиялық мемлекеттің жұмыс істеуінің делелі болып табылады. Сайлау институтының даму жүйесі қоғам мен жалпы мемлекеттің демократиялану деңгейін көрсетеді. Семинар барысында студенттерді сайлаушылар тізімдерін жасау және нақтылау, сайлау комиссияларын құру, комиссия мүшелерінің жұмыс ерекшеліктері, әртүрлі сайлау рәсімдерін құқықтық реттеу, соның ішінде сайлау учаскесінде дауыстарды санау және қорытынды шығару мәселелері қызықтырды.

Барлық кездесулердің қорытындысы бойынша қатысушылар мен семинарға қатысушылар жастардың демократиялық қоғамның институты ретіндегі сайлау жүйесі туралы білімі жоғары және сайлауға қатысуға дайын екендігі туралы бірауыздан пікір білдірді. Олардың азаматтық борышы мен қоғамдық мәселелерді шешуге деген ұмтылысы, сайлауға қатысу және дауыс беру процедурасының маңыздылығын түсіну.

Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеу аясында Астанада 2024 жылдың 29 қаңтары мен 2 ақпаны аралығында 6 іс-шара өткізілді, оған әртүрлі университеттерден 304 студент қатысты.

### АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

Соңғы кездері әлеуметтік желіде бір қытай әйелдің Қазақстанда қытайларға жер саудалап жүрген видеосы тарады. Әрине, Қазақстанда жер саудасы қазір қызып тұрғанымен, әлгі әйелдің астамси сөйлегені бізге біраз ой салды.

## БАЛАҚТАН КІРІП, БАСҚА ШЫҚПАСЫН

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

– Мына жерге 100 мың доллар жұмса да, біраз қазақты әкеп қой бақтырып қой. Тағы біраз ақша жұмсап жерді қоршап, 1000 қой бақтырсаң, малыңның басы біреу жылда 10 мыңға жетеді, – деп ақылғөйсін тұр. Әсіресе, оның қазақты «қаса» (Қытайда қазақ ұлтын бұлай айту кемсіту саналып, олай айтуға тыйым салынған) деп кемсіте сөйлегені, оның сөзін қостаған әлдекімнің «Қазақтан 8 қатын алып қой бақтырып қой» деп дарақылана күлгені шымбаймызға батты.

Қазақстанға келіп, әртүрлі жолмен азаматтық алып, жағдайы жақсарғаннан кейін өзінің кім екенін, қайдан келгенін ұмытып кететін кеудемсоқтар аз емес. «Атамның шоты аса-асатиеді» дегендей, олар тіпті кейде қазақ ұлтын қаралауға, сайқымазаққа айналдыруға дейін барады. Өткен жылдың соңында өзбек азаматының күллі қазақты сыпыра боктап, бастыларға дейін тіл тигізгені – соның айғағы. Оған заңмен тыйым салып, қатаң шара қолданбағаннан кейін, көбі аузына келгенін оттап алады да, соңынан кешірім сұрап құтылады. Қоғамда мұндай жағдайдың етек алуына, бастысы, мемлекет құрушы тұлғалық ұлт – қазақ халқының мүддесі ескерілмеуі себеп болып отыр. Өйткені ұлттың рухын, мемлекеттің беделін сақтау жағы заңда қарастырылмаған.

Биліктің айтқанына сенсек, Қазақстанда шетелдіктерге жер сатыл-

майды. Бірақ Қазақстан азаматына үйленіп немесе тұрмысқа шығып, 5 жылдан кейін азаматтық алғандардың жер сатып алуына шектеу жоқ. Демек, жоғарыдағы әйел де осындай жолмен азаматтық алып, одан соң жер алған болуы мүмкін. Оның қаншалық ортаңғы, оған қанша жерлерестерін шақырып орналастырып қойғанын тексеріп, бақылап анықтап, «Палестинадағы жер сатуға құныққан арабтардың аяғын құшпайық» деп сақтық жасап отырған мекеме бар ма? 10 шақты жыл бұрын ала дорба сүйретіп келген әйелдің бүгінгі таңда Алматының ортасындағы үлкен базардың қожайынына айналғанымен қоймай, бүгін шетелдікке жер саудалап жүргенін қалай түсінуге болады? Ол азаматтықты қалай алды? Қандастардың өзі өзгер алатын азаматтық ақшалы шетелдіктерге сатылып, ол әлдекімдердің бизнесіне айналып кеткен жоқ па? Бізді осы сұраулар алаңдатады.

Әрине, БҰҰ мойындаған, шекарасы шегенделген біздің елге ешкім әскер шығарып, ашық басып алмас, бірақ бүгін жалбыздап кіріп, ертең жағана жармасатын жау жоқ деп ешкім айта алмайды. Бүгін біздің елдің азаматтығын алып, саудасын дөңгелетіп отырған адам ертең сайлауға қатысып билікке келуі де бек мүмкін. Елдің ішкі саясатына ықпал ету үшін оған сырттай сүйеу болатындар да табылады. Біздің билік осы ұзақ болашақтық мәселені ескеріп, етегін қымтай ұстағаны жөн деп санаймыз.



Астана қаласының Білім басқармасы мен Білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы Астана қаласы әкімдігінің Міржақып Дулатұлы атындағы № 68 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **Ештанәев Жазбек Опиулының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



№15 (4603) 06/02/2024 Сейсенбі

## ТҰҢҒЫШ СКРИПКАШЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның кіші залында қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби скрипкашы Айткеш Толғанбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған концерт өтті.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Шыңғыстау өңірінде туып, «Қазақтың Паганини» атанған Айткеш Толғанбаев – ұлы Абайдың немере інісі, ол да Ырғызбайдан тарайды. 1942 жылы Алматы музыкалық училищесін бітіргеннен кейін Екінші дүниежүзілік соғысқа алынады. Сонда тұтқынға түсіп, асқан өнерінің арқасында аман қалды. Өнерді бағалайтын немістер тұтқындағы музыканттардан оркестр құрды. Айткеш Толғанбаев соның құрамында Бах, Верди, Моцарт, Бетховен, Шуберт, Бизе, Брамс, Паганини, Чайковский сияқты Еуропаның классик композиторларының шығармаларына қоса, күй атасы Құрманғазының «Сарыарқа», «Ақбай», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Балбырауын», «Қайран шешем», Түркештің «Көңілашар» күйлерін, қазақтың зарға толы «Елім-ай» әнін сызылтты. Вена сияқты Еуропаның қалаларына гастрольмен барды.

Бірақ Кеңес билігі оны аямады. «Жау тұтқынында болды» деген желеумен соғыстан кейін қуғындап,



Колымаға айдатты. Айдауда он жылдай жүрген скрипкашы 1956 жылы ғана Алматы консерваториясына түсті. 1961 жылы соны бітіргеннен кейін сонда оқытушы болып

қалдырылды. Жаңашыл педагог, музыкатанушы, тамаша музыкант ретінде танылды. Қазақ әндері мен күйлерін, қазақ композиторларының шығармаларын өңдеп, скрип-

каға лайықтады. Оларды өзі орындап, таспаға жаздырды. Айткеш Толғанбаевтың орындауындағы шығармалар Қазақ радиосының «Алтын қорына» алынды. Бұған қоса, скрипкашы «Скрипка мен фортепианоға арналған трансскрипциялар» жинағының авторы. Онда қазақ әуендері алғаш рет осы аспаптарда орындау үшін жүйеленіп, өңделген. Сонымен қатар «Қатал тағдыр тәлкегі» өмірбаяндық кітабын жазды.

Концертті астаналық филармонияның симфониялық оркестрі (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дирижер Абзал Мұхитдинов) ұсынды. Кешке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Әбілханов (скрипка), халықаралық байқаулардың лауреаттары Әнел Шәкірова (скрипка) және Ахмет Сұлтанов (альт) қатысты. Олар Айткеш Толғанбаевтың репертуарында болған Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский сынды қазақстандық және Бах, Моцарт, Бетховен секілді Еуропаның классик композиторларының скрипка мен оркестрге арналған шығармаларын орындады.



## КИМ ТАРИХИ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Қазақстан су спорты түрлерінен әлем чемпионатында алғашқы алтынын алды. Бұл – ел спортшыларының тарихи жеңісі.

Қатар астанасы Дохада өтіп жатқан су спорты түрлерінен әлем чемпионатында Қазақстан құрама сапында өнер көрсеткен Астана қаласының спортшысы Эдуард Ким алтын медальға ие болды.

Иә, елордалық Эдуард Ким мен оның жұбы Наргиза Болатова техникалық бағдарламада чемпион атанып, құрамаға 228,0050 ұпай сыйлады.

Бұл – Қазақстан атлеттерінің су спорты түрлерінен әлем чемпионатында қол жеткізген алғашқы алтын медалі. Бірінші жүлдені былтыр Жапонияда өткен әлем чемпионатында

техникалық бағдарламада жерлесіміз Эдуард Ким (қола медаль) жеңіп алған болатын. Күміс медаль Қытай құрамасына (Вэньгао Чэн мен Хаюй Ши), қола жүлде Мексика командасына (Миранда Хименес пен Диего Каррильо) бұйырды.

Қазір Қазақстан жалпы есепте 1 алтынмен 5-орынға көтерілді. Көш басында Қытай тұр. Қазір Қатарда 17 мемлекет жүлдеге ие болып үлгерді.

Байрақты бәсеке ақпанның он біріне дейін жалғасып, Эдуард пен Наргиза алдағы күндері еркін бағдарламада сынға түседі.

## ҚҰСНИХАТ ШЕБЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

Елордадағы «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы елшілігі жанындағы Мәдени өкілдігімен бірлесіп «Иран Ислам Республикасының каллиграфия және жазба мұраларды қалпына келтіру өнері» атты апталығы жұмысын бастады. Іс-шараға Иран Ислам Республикасынан арнайы шақырылған құснихат шеберлері мен реставратор мамандар қатысады.



Айгүл  
УАИС

Апталық аясында халықтың бірнеше ғасырлық рухани, саяси, мәдени және тарихи дереккөздерінің бірі болып саналатын қолжазба жәдігерлерін сақтау, оларды жинап-жүйелеу, қалпына келтіру, цифрландыру, саласында Иран елінің реставратор және каллиграф мамандарымен тәжірибе алмасу көзделіп отыр. Сол себепті «Ислам каллиграфиясы» көрмесі, «Иран Ислам Республикасының каллиграфия және жазба мұраларды қалпына келтіру өнері» ғылыми-тәжірибелік семинары, «Каллиграфия өнері» бойынша шеберлік сабағы еліміздегі осы саланың мамандарға арналады.

– Иранның көне қолжазбаларды қалпына келтіруде неше ғасырлардан бері жинақтаған мол тәжірибесі бар. Асыл мұраларымыз Мешхед қаласындағы Астан Кудс Разави және Иран Ұлттық кітапханасында сонымен қатар «Нұр» микрофильмдер орталығында жинақталған. Осы орталықтарда парсы тіліндегі Қазақстан тарихына

қатысты бірнеше құжаттар табылған болатын. Осы жолы сол құжаттардың көшірмесін табыс етіп, Иран құснихатының елуге тарта үлгілерін көрмеге қойдық, – деді Иран Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің мәдени кеңесшісі Әли Акбар Талеби Матин. Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырып отырған

шараға Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы елшілігі, Парламент Мәжілісінің депутаттары мен зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен еліміздің барлық аймақтарынан архив, кітапхана, музей және ғылыми орталықтарынан мамандар қатысады.



## ЗАБИКУЛИН ЕСІМІН АРДАҚТАДЫ

Астанада «Тарлан» мұз сарайында қызметтік міндетін атқару кезінде ерлікпен қаза тапқан өрт сөндіруші Асқар Забикулинді еске алуға арналған шайбалы хоккейден турнир өтті.

Турнирге QUTQARUSHI, VI HOCKEY TEAM, BAUERLAR және ORDA хоккей командалары сынға түсті.

Турнирдің салтанатты ашылуына Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов, қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов және депутаттар тобы, Асқар Забикулиннің жақындары, жары мен балалары, елордалық ТЖД басшылығы мен ардагерлері қатысты.

Мәслихат төрағасының сөзінше, халық қалаулыларының қолдауымен №6 Мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында құтқарушыға ескерткіш орнатылды және Үркер шағын ауданында бір көшеге

есімі берілді. Турнир дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады, ал Асқар Забикулиннің отбасын қолдаудың барлық мәселелері қала басшылығының ерекше бақылауында болады.

Екі күндік турнирдің жеңімпазы Bauerlar командасы, екінші орында Qutqarushi командасы, ал үшінші орынды VI hockey team жеңіп алды.

Қызмет барысында қаза тапқан өрт сөндіруші, біздің заманымыздың батыры Асқар Забикулинді еске алуға арналған алдағы турнир бұрын волейболдан және өрт-құтқару спортынан өткен болатын. Қаңтар айында Асқар Забикулин 30 жасқа толар еді.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –  
Еркін ҚЫДЫП

Бас редактордың  
орынбасары –  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және  
сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың  
мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының  
компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №15

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-tekla@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ